# АҚАДЫРДАҒЫ КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Жуырда ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, 1997-2005 жылдары ауданымыздың әкімі қызметін атқарған Кәкімжан Ахметжанұлы Сарханов Ақадыр кентіне арнайы келіп, кент әкімдігінің мәжіліс залында кездесу өткізді.

Кәкімжан Ахметжанұлы сонау 90-шы жылдардың қиын уақытында, әсіресе Ақадыр ауданы таратылып, Шет ауданымен қайта біріккенде жаңа әкім болып тағайындалып, 8 жылға жуық басқарды. Ол кезең тұралап қалған шаруашылық, жұмысын тоқтатқан өндіріс, тіпті елді мекендерде жарық та болмаған, зейнетақы, жәрдемақылар мүлдем төленбеген қиын кезең болғаны есімізде.



Кездесуде Кәкімжан Ахметжанұлы ауданымызда басшы болып қызмет істеген жылдардан естеліктер айтып, баспадан жаңадан жарық көрген екі бірдей кітабын оқырман қауымға табыс етті.

Кездесуде Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Өмір Кәріп ақсақал сөз сөйлеп, кітап авторына қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты.

**Өз тілшімізден.**

Шет шұғыласы. - 2023. - 10 тамыз (№32). - 3 б.